

# ТҮЙЕ-ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ТӨРЕСІ

---

# ТҮЙЕЛЕР

- **Түйелер** (лат. Camelus) — сірітабандылар отряд тармағына жататын сүтқоректі ірі жануарлардың бір туысы. Түйелер шөлгеде, қатты аязға да төзімді, күшті көлік малы. Мұның екі түрі бар: **қос өркешті түйе** (Бактрия түйесі) — негізгі өсірілетін жерлері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Астрахан, Сталинград, Саратов және Чита облыстары, бұрынғы КСРО-да мұның Астрахан түйесі, Қазақстан түйесі, моңғол түйесі деп аталатын негізгі үш тұқымы өсіріледі; **бір өркешті түйе** (дромедар), — Түрікменстанда, көбінесе Тәжікстанда, Өзбекстанның оңтүстік аудандарында және Қазақстанның кейбір жерлерінде өсіріледі. Ең көп өсірілетін жері — Қарақұм. Қоспақ түрлеріне, пайдалануына, қанына қарай: аруана, желмая, нар деп аталады. Түйенің еті мол, жүні биязы болады. <sup>[1]</sup>

# ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

---

- ▣ Түйелер мен таутайлақтардың башпайларында мүйізді тұяқтары болмайды. Тұяқтың орнында башпайларының ұшында ғана доғаланып, қисық біткен кішкене тырнақ өседі. Табаны жалпақ және астыңғы жағы сүйелді, жұмсақ көнмен қапталған. Сондықтан бұл жануарларды көнтабандылар деп атайды. Түйенің кеудесінде, тізесі мен тілерсегінде сүйелді, сірілі, түксіз тықыр жерлері болады. Түйе шөккен кезде сүйелді жерлері ыстық құмның әсерін сезбейді. Осыған байланысты түйе ыстық құмда шыдай төгіп жата береді.
- ▣ Түйенің дене тұрқы ірі. Оның салмағы 700-800 кг, мойны иір және ұзын. Денесінің әр жерінде ұзын шудалы жүндері болады. Құрғақ далалы, шөлейтті және шөлді аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Сондықтан халық түйені «шөл дала кемесі» деп атайды.


▣ .

# ТҮЙЕ ҚОЛТҰҚЫМДАРЫ

---

- **Айыр өркешті түйе**[\[өңдеу\]](#)
- Қазақстанда қолға үйретілген айыр өркешті түйенің қолтұқымы көбірек кездеседі. Оны кейбір аймақтарда «айыр түйе», [Арал](#) мен Каспий аралығының тұрғындары «түс түйе» деп атайды. Айыр өркешті түйенің жабайы түрі «қаптағай» деп аталады. Айыр өркешті түйенің ұрғашысын - «іңген», еркегін - «бура» дейді. Айыр өркешті түйе ғылыми тілде «бактриан» деп аталады. Оның денесі ірі, салмағы 450-690 килоға дейін жетелі. Қазіргі кезде айыр өркешті түйенің қолға үйретілген үш қолтұқымы бар. Олар - қалмақ, қазақ және монгол қолтұқымдары. Қазақстанда көп өсірілетіні қазақтың айыр өркешті түйесі. Ол құрғақ далалы, шөл-шөлейтті жерлердің табиғи жағдайларына жақсы бейімделген. Аңызға ыстыққа, үскірік аязға төзімді келеді. [Маңғыстау](#), [Атырау](#), [Батыс Қазақстан](#), [Ақтөбе](#), [Қызылорда](#), [Жамбыл](#), [Алматы](#), [Шығыс Қазақстанның](#) кейбір аудандарында өсіріледі.

# АЙЫР ӨРКЕШТІ ТУЙЕ



# СЫҢАР ӨРКЕШТІ ТҮЙЕ

- *Сыңар өркешті түйе.*
- Сыңар өркешті түйені ғылыми тілде «дромадер» дейді. Қазіргі кезде қолда аруана деп аталатын қолтұқымы өсіріледі. Жабайы түрі жойылып кеткен. Оның жалпы аты - «нар». Ұрғашысы - «мая» немесе «аруана», еркегі - «үлек». Сыңар өркешті түйе ыстыққа төзімді, бірақ қатты аязға шыдамайды. Орта Азия мен Қазақстан жерінде ғасырлар бойы халықтық сұрыптау әдісімен өсіріліп келеді. Қазір түйені көлік ретінде пайдаланудан гөрі, еті, қымыраны және шудасы үшін өсіру пайдалы. Мамандардың пікірі бойынша, бір түйенің беретін өнімі 15 қойдың беретін өніміне тең.



# ТҮЙЕ ӨНІМДЕРІ

---

- **Сүті**[\[өңдеу\]](#)
- Түйе сүтінің майлылығы сиыр сүтінен әлдеқайда жоғары. Оның құрамында адам ағзасына қажетті нәруыз, витаминдер мол. Түйе сүттен шұбат дайындалады (қымыран деп те аталады). Шұбат өкпе, асқазан, ішек ауруларына бірден-бір шипа, қанды толықтырады. Шұбаттың радиацияға қарсы әсері болатыны да анықталған.
- **Шудасы**[\[өңдеу\]](#)
- Түйенің шудасы да қымбат бағаланады. Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына және радиация сәулелеріне қарсы ем ретінде пайдаланады. Шудадан бағалы тоқыма бұйымдар жасалады.
- Түйе түлігі күй таңдамайды, басқа мал жемейтін қатты, тікенді өсімдіктермен қоректене береді. Түйе күндіз жайылып, түнде жатып, күйіс қайырады. Бірнеше тәулік су ішпеуге шыдайды. Бұл кезде өркеш майларынан бөлінген суды пайдаланады.



# МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

---

- \*Түйе - шудасын, Жылқы - жалын, Сиыр – мүйізін төсейді.
- \* Түйенің бурасы жақсы, Сөздің турасы жақсы.
- \* Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты.
- \* Бағы тайған адамды, Түйе үстінде ит қабар.
- \* Түйе сүйеді баласын «боташым» деп, «Жаудыраған көзіңнен тоташым!» деп.
  
- Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы.
- \* Аттың атағы, түйенің табаны үлкен.
- \* Бір түйенің екі өркеші, бірі кетсе – күші жоқ, Бір биенің екі емшегі, бірі кетсе – сүті жоқ.
- \* Түйе қашып, жүктен кете алмас.
- \* Түйе көп болса, жүк сыймайды.
- \* Түйе өлген жерде жүк қалады.
-

# ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ЖҰМБАҚТАР

- Апан-апан,
- Ескі шапан.
- Иір қобыз,
- Жарық жұлдыз. (Түйе)
- **Кезікті бір жануар,**
- **Үстінде екі тауы бар. (Түйе)**
- Кішкентай ғана бойы бар,
- Айналдырып киген тоны бар.  
(Қой)
- Қара арғымақ мінгенім,  
Қыр айнала жүргенім.  
Сегіз найза сенгенім,  
Он екі қылыш ілгенім. (Бүркіт)
-

# ТҮЙЕ-ТАУ

- ▣ *Түйе-тау* – Табиғат-Ананың асқан шеберлігінің нәтижесінде пайда болған мүсін. Тіпті, кейбір саяхатшылар тауды – «**табиғат шеберлігінің нышаны**» деп атап жатады.



# АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

---

- Ерте-ерте, ертеде, есте жоқ ескі замандарда бір алып түйе Орал жоталарымен күш сынаспақ болып, сапарға аттанады. Табиғатты жеңген тіршілік иесі бар дейсіз бе? Түйе де табиғатқа қарсы төтеп бере алмай, қырдың ең биік жерлерінің біріне келгенде **тас болып қатып қалған** екен. Сол уақыттан бері бірнеше ғасыр өтсе де, түйе әлі өз орнында жатыр...

- 
- Келесі бір әдемі аңыз былай деп сыр шертеді: бір кездері дәл осы жерлермен атақты сауда керуені жүріп өтетін болыпты. Бұл керуендегі адамдар шаруаға жайлы жер іздеп жүрген көрінеді. Тура шөл далаға келгенде олардың сулары мен тамақтары таусылып, барлық адамдар мен түйелер қырылып қалады. Тек қана **бір түйе ғана аман қалып**, жол жүруін жалғастыра береді. Ұзақ жол жүріп, бір қырдың басына аялдағанда өліп кетеді. Сол түйе бүгінде тауға айналған...

# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СУСЫНЫ

- Түйе – төрт түліктің төресі. Ауыр жүк артылып, алыс сапарға жегілсе де мыңқ етпейтін маңғаз жануардың қадірін көшпелі жұрт қатты білген. Айрықша күтімді қажетсінбейтіндіктен «кедейдің малы» атанған жануар табиғи жайылымды тез қонданады. Әрі оның сүті мен шұбатты медицина тарапынан емдік сусын ретінде мойындалғаны да белгілі. Көзін тауып, өңдей білсе, жүні де өнеркәсіпте таптырмайтын шикізат. Міне, осындай пайдасы мол мал тек әлемде санаулы мемлекеттерде ғана бар. Соның бірі біздің елімізде. Алайда, түліктің төресі түйені өсіріп, оның өнімдерін ұлттық брендке айналдыра алмай отырғанымыз да шамбайымызға бататын шындық. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан кешенді бағдарлама жасалып, осы саладағы ұсақ-түйек шаруашылыққа барынша нақты қолдау көрсетілмесе бүгінгідей мысықтабандаумен ұзаққа бармайтынымыз белгілі.

# ШҰБАТТЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

---

- Түйенің пайдалы жақтары көп қой. Бір ғана сусынының өзі неге тұрады. Көптеген ауруларға мыңнан бір ем. Сүтінен шұбат дайындап, құрт қайнатады. Шипалық қасиеті мол, дәмі тіл үйірер шұбат сусынына бүгінде шетелдіктер аса қызығушылық танытып отырғаны белгілі. Көптеген Азия елдері әрі тағам, әрі киімге шикізат, дертке дауа ретінде пайдаланатын түйе сүтінің емдік қасиеттері күннен күнге ғалымдарды таңғалдыруда.

# ШҰБАТТЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАСЫ

---

- Ғалымдар шұбатпен өкпе құрты, бауыр ауруларын, холециститті, өт жолдарының бітеліп қалуын емдеуге болады дегенді айтады. Осыған орай шұбатты әлемдік нарыққа шығару үшін ғалымдар өнімді кептіру, құрғақ сүт ұнтағы және таблетка түрін жасау технологиясымен де айналысуда. Алайда шұбаттан жасалған өнімдерді әлемдік нарыққа шығарып, ұлттық брендімізге айналдыру үшін қыруар қаржы, көлемді инвестиция қажет екені анық. Ал, әзірге Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сауықтыратын медициналық сусын деп бағалап отырған шұбаттың пайдасын ескергендер саны саусақпен санарлықтай.



# ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

---

- Түнде сауылған сиыр сүті ұйықтататын дәрі сияқты әсер етеді.
- Жылқының сүйегі адамдікінен 18-ге артық.
- Түйеге қарағанда егеуқұйрық шөлге төзімдірек

- 
- Түйе — Шөл мен аштыққа шыдамды. Ыстық – суыққа төзіп, ұзақ жүрісте қажымайды.
  - «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандаған қызыл өкімет тұсында өркешті жануарлар елімізде азайып кеткен. Түйе бағуды тиімсіз деп тапты ма кім білсін бертіндегі колхоз-совхоз тұсында да бұл түліктің саны соншалықты көбейе қойған жоқ. Ал, осы күні елімізде 150 мыңдай ойсыл қара тұқымы өрісте жүр. Маңғыстау, Қызылорда секілді облыстарда түйе шаруашылығы ертеден тамырланып, қазірде іргелі қожалықтар жұмысын жүйелі жүргізіп отыр.
  - **Айыр түйе, қос өркеш – түйе тұқымының бір түрі.**
  -

# АРУАНА — СЫҢАР ӨРКЕШ ТҮЙЕ.



- Айыр түйеден гөрі ыстыққа төзімді, сүті де мол (екі-үш есе), бірақ жүні аз болады төзімді келеді. Аруана Қазақстанда Атырау облысында ғана өсіріледі.

# ҚЫЗЫҚТЫ ӘНГІМЕЛЕР

---

- Төрт түліктің ішінде түйе сүті бар керегіңе жарайды, құрт-май, балқаймақ алынады, ірімшік жасалады, шұбат ашытылады. Сосын бір ерекшелігі – інген-мая 15-16 ай бойы сауылады. Сүті шайды жақсы үйіреді. Ал шұбаты дертке шипа, емдік қасиеті мол аса пайдалы тағам.
- Түйенің терісінен таспа, қайыс жасаған. Негізі түйе түбіті мен шудасы тоқыма өнеркәсібі үшін таптырмайтын шикізат. Маң даланың маңғаз жануарының жүні киім болғанда еті ем, шұбаты шипа.

# ТҮЙЕ ТУРАЛЫ ТАҚПАҚТАР

Түйе, түйе, түйелер  
Тұзың қайда, түйелер  
Балқан таудың  
басында Балдыр қоян  
қасында Еніп кеттім  
егіске Қойным толды  
егіске Жемісімді жерге  
бердім Жер жусанын  
берді Жусанын мен  
қойға бердім Қой  
маған қошақаным  
берді.

Тарпаң - тарпаң  
тайлағым, Ботақаным,  
маймағым. Қара - көзің  
мөлдіреп, Жібек жүнің  
желбіреп Желк - желк етіп  
желесің Енеңе еріп  
келесің.